

«Өзгерістер бақытқа жеткізеді!»
Ынталандыру іс-шарасын – жарнамалық Акциясын өткізу ережелері
(бұдан әрі — «Акция ережелері»)

1. Ынталандыру іс-шарасы – «Өзгерістер бақытқа жеткізеді!» жарнамалық Акциясы (бұдан әрі – «Акция») туралы жалпы мәліметтер:

Іс-шара: ынталандыру іс-шарасы – «Өзгерістер бақытқа жеткізеді!» шартты атауымен өткізілетін жарнамалық акция міндеті «NESTOGEN» тауарлық белгісімен таңбаланған тауарларды жарнамалау, нарықта жылжыту, тұтынушылардың көңілін тарту және өткізуін ынталандыру болып табылатын іс-шара болып табылады, атап айтқанда:

- 12 АЙДАН АСҚАН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ПРЕБИОТИКТЕР МЕН L.REUTERI ЛАКТОБАКТЕРИЯЛАРЫ БАР «NESTOGEN® 3. БАЛАЛАР СҮТІ» ҚҰРҒАҚ ТЕЗ ЕРИТІН СҮТ СУСЫНЫ;

- 18 АЙДАН АСҚАН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ПРЕБИОТИКТЕР МЕН L.REUTERI ЛАКТОБАКТЕРИЯЛАРЫ БАР «NESTOGEN® 4. БАЛАЛАР СҮТІ» ҚҰРҒАҚ ТЕЗ ЕРИТІН СҮТ СУСЫНЫ; (бұдан әрі бірлесіп «**Тауар**» деп аталады).

АКЦИЯ ЛОТЕРЕЯ БОЛЫП ТАБЫЛМАЙДЫ.

Акция төменде берілген Ережелер бойынша қатысушылардың алдын-ала саралаусыз ашық көпшілік ынталандырушы жарнамалық іс-шара ретінде өткізіледі. Акцияға қатысу үшін төлем алынбайды.

Акцияны өткізу мерзімінде Тауардың құны мұндай Тауардың Акцияны өткізу мерзімінен тыс құнынан аспайды. Осылайша, Акцияға қатысатын Тауарды сатып алған кезде Акцияға Қатысушылар Акцияға қатысу үшін ешқандай қосымша ақы төлемейді.

1.1. Акцияға қатысатын Тауар:

- 12 АЙДАН АСҚАН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ПРЕБИОТИКТЕР МЕН L.REUTERI ЛАКТОБАКТЕРИЯЛАРЫ БАР «NESTOGEN® 3. БАЛАЛАР СҮТІ» ҚҰРҒАҚ ТЕЗ ЕРИТІН СҮТ СУСЫНЫ;

- 18 АЙДАН АСҚАН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ПРЕБИОТИКТЕР МЕН L.REUTERI ЛАКТОБАКТЕРИЯЛАРЫ БАР «NESTOGEN® 4. БАЛАЛАР СҮТІ» ҚҰРҒАҚ ТЕЗ ЕРИТІН СҮТ СУСЫНЫ; (бұдан әрі мәтін бойынша бірлесіп айтылған кезде – «**Тауар**» немесе «**Акцияға қатысатын Тауар**» деп аталады).

1.2. Акция ұйымдастырушысы және операторы:

Акция және Конкурс Ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасының заңнамасын сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылады, атап айтқанда, «**Нестле Фуд Казахстан**» ЖШС, БСН 040740000547, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостандық ауданы, Тимирязев көш., 28»В)) (бұдан әрі – «**Ұйымдастырушы**» немесе «**Акция Ұйымдастырушысы**»);

1.2.1. Акция Операторы ҚР заңнамасына сәйкес құрылған, Ұйымдастырушымен Акция өткізуге шарт жасасқан, мұндай шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде өзінің атынан, бірақ Ұйымдастырушының есебінен және тапсырмасы бойынша осы Ережелерге сай Акцияға қатысу, сондай-ақ алушыларға Акция Жұлделерін жіберу (жеткізу) нәтижесінде Акцияға қатысу үшін награда алуға құқығы бар тұлғаларды анықтау мақсатында әрекет ететін заңды тұлға болып табылады, атап айтқанда: «**PRKVADRAT (Пиар Квадрат)**» ЖШС, БСН 140240015409 (бұдан әрі – «**Оператор**» немесе «**Акция Операторы**»);

1.3. Акцияны өткізу аумағы:

Акцияны Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының аумағында өткізеді.

1.4. Акцияны өткізу орны мен мерзімі:

1.4.1. Акцияны Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасында «**PRKVADRAT (Пиар Квадрат)**» ЖШС-не тіркелген @nestlebaby_kz_bot мекенжайы бойынша Telegram мессенджерінде өткізеді (бұдан әрі - «**Акция ресурсы**»)

1.4.2. Акцияның жалпы мерзімдері (Акцияның Күнделікті Жұлделерін беру мерзімін қоса алғанда): 2020 жылғы 01 қыркүйектен бастап 2020 жылғы 31 қазанға дейінгі кезең (мұнда және әрі қарай екі күнді қоса алғанда).

- **Акцияны өткізу мерзімі**, атап айтқанда Акция ресурсында Чектерді тіркеу кезеңі, осы Ережелерде көрсетілген тәртіппен: 2020 жылғы 01 қыркүйектен сағ. 00:01-ден бастап 2020 жылғы 31 қазанға сағ. 23:59-ға дейін (осында, бұрын және мәтін бойынша әрі қарай Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша көрсетіледі).

- **Акция Жеңімпаздарын анықтаудың жалпы мерзімі**: күн сайын 2020 жылғы 02 қыркүйектен бастап 2020 жылғы 04 қарашаға дейін.

- **Акция Жеңімпаздарын ресурста жариялаудың жалпы мерзімі**: күн сайын 2020 жылғы 02 қыркүйектен бастап 2020 жылғы 04 қарашаға дейін.

- **Акция Сыйлықтарын осы Ережелерге сәйкес анықталған алушыларға берудің жалпы мерзімі**, жеңімпаздарды жариялаған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде.

1.5. Осы Ережелер арасында Акция өткізілетін тұлғалардың шеңберін, Акцияны өткізу механикасын, Акцияны өткізу орнын, мерзімі мен тәртібін, Акцияның Күнделікті Сыйлықтарын ұтысқа салу ойынын өткізу тәртібі мен мерзімдерін, Акцияның Күнделікті жұлделері иелерін анықтау тәртібі мен жариялау мерзімін, жүлде қорының мөлшері мен нысанын, оларды тапсыру/ ұсыну орны мен тәртібін айқындайды.

2. ЧЕКТЕР

2.1. **Бақылау-касса машинасы** - деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар электрондық құрылғы, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу кезінде жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысулар туралы ақпаратты тіркеуді және көрсетуді қамтамасыз ететін компьютерлік жүйелер;

2.2. **Чек** - бақылау-касса машинасының сатушы (тауарды, жұмысты, қызметті жеткізуші) мен сатып алушы (клиент) арасында ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру фактісін растайтын бастапқы есепке алу құжаты (бұрын және одан әрі мәтін бойынша «Чек» деп аталады).

2.3. Акцияға Қатысушылар Акцияға қатысу үшін ұсынатын чектер мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- Тауардың атауы мен құнының мөлшері көрсетілген ақпаратты қамтуы,
- Осы Ережелердің 1.3-тармағында жазылған сауда нүктесінің атауы немесе заңды тұлғаның атауы бар ақпаратты қамтуы тиіс;
- Тауарды өткізген заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі бар ақпаратты қамтуы;
- Чектің нөмірі бар ақпаратты қамтуы;
- Акцияны өткізу мерзіміне сәйкес келетін сатып алу күні бар ақпаратты қамтуы тиіс.

2.4. Акцияға Қатысушылар Акцияға қатысу үшін ұсынатын Чектің бейнелері мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- Чектің бейнесі jpg форматында ұсынылуы тиіс;
 - Чектің бейнесі анық болуы тиіс.
- 2.5. Чектердің келесі бейнелері қате болып танылады, есепке алынбайды және тіркелмейді:
- Чектің ойдан шығарылған деректері бар Чектің бейнесі;
 - Чектің бұрмаланған және (немесе) анық емес бейнесі, соның себебінен Чектен толық ақпаратты тексеру мүмкін емес;

- Акцияға қатысуға өтінімдерді қабылдау кезеңі басталған күннен бұрын тіркелген Чектің бейнесі (2020 жылғы 01 қыркүйектен сағат 00:01-ден бұрын (жергілікті уақыт));

- Акцияға қатысуға өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталған күннен кеш тіркелген Чектің бейнесі (2020 жылғы 31 қазаннан сағат 23:59-ден кеш (жергілікті уақыт));

- Чектің бейнесінде осы Ережелердің 2.3-тармағында көрсетілген ақпарат жоқ.

2.6. Чекті тексеруді (модерациясын) Ұйымдастырушы немесе ол уәкілеттік берген тұлға Акция ресурсына Чек жүктелген сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде осы Ережелерде көрсетілген тәсілмен жүргізеді. Акцияны Ұйымдастырушы Акцияға қатысу үшін ұсынылған (ресурсқа жүктелген)

Чектің бейнесін қабылдамау құқығын өзіне қалдырады, егер Ұйымдастырушының қалауы бойынша олар талаптарға сәйкес келмесе, ұйымдастырушы Қатысушылардың назарына Чек бейнесін Акцияға қатысудан ресурста жарияланғанға дейін бас тарту, сондай-ақ жарияланғаннан кейін Чектің бейнесін ресурстан алып тастау себебін жеткізбеуге құқылы.

2.7. Акцияға қатысуға мәлімделген Чектердің барлық бейнелері Чектердің ұсынылған бейнелерін өңдеу жүргізілетін, Акция қатысушылары туралы ақпаратты қамтитын Ұйымдастырушының Акция ресурсы серверіндегі деректер қорында сақталады.

Осы Ереженің талаптарына сәйкес Акция Қатысушысы Акция ресурсында тіркеген Чектерді Акцияны өткізудің бүкіл кезеңі бойы сақтау қажет. Акция Қатысушысын Акцияның Күнделікті Сыйлықтарын ұтысқа салу ойынының Жеңімпазы деп жариялаған жағдайда, мұндай Қатысушы Ұйымдастырушыға Чектің түпнұсқасын ұсынуы қажет.

2.8. Чекте болған Акцияға қатысатын әрбір Тауар үшін бір бірегей код беріледі.

3. АКЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ТАПСЫРЫС БЕРУШІНІҢ/ҰЙЫМДАСТЫРУШЫНЫҢ/АКЦИЯ ОПЕРАТОРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

3.1. Акцияға әрекетке қабілетті жеке тұлғалар – 18 (он сегіз) жасқа толған, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын, Telegram мессенджерінің пайдаланушылары және NESTOGEN өнімінің тұтынушылары болып табылатын, нәтижесінде Акция ресурсында Чекті тіркеу болып табылатын кнклюденттік іс-әрекеттер реттілігін жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады (осы Ережелер мәтіні бойынша жоғары және әрі қарай «**Акция Қатысушылары**» деп аталады).

3.2. Акцияға Ұйымдастырушының, Оператордың қызметкерлері мен уәкілетті өкілдері, олардың үлестес тұлғалары, сондай-ақ осындай қызметкерлердің және тапсырысқа, Акцияны ұйымдастыруға және/немесе өткізуге тікелей қатысы бар өкілдер, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері қатыса алмайды.

3.3. Қатысушылар Акцияға қатысуға және Сыйлықтар алуға байланысты барлық әрекеттерді Акция Ережелерінде белгіленген мерзімде орындауға міндетті.

3.4. Әрбір Қатысушы қатысуға (Акция ресурсына орналастыра отырып) осы Акция Ережелеріне сәйкес келетін Чектердің шектеусіз санын ұсына алады.

3.5. Ұйымдастырушы Қатысушының жасы мен жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеру құқығын өзіне қалдырады.

3.6. Акцияны өткізу тоқтатыла тұрған/өткізу мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушы Акцияны өткізуді тоқтата тұру/мерзімінен бұрын тоқтату туралы хабарламаны Тапсырыс берушінің/Ұйымдастырушының таңдауы бойынша Акция ресурсында және/немесе бұқаралық ақпарат құралдарында ашық қолжетімділікте жариялауға немесе осындай тоқтата тұру/тоқтату туралы өзге де тәсілмен жария түрде хабардар етуге міндетті.

3.7. Акция Операторы Акцияны өткізудің жарияланған мерзімінде немесе Акцияны өткізуді тоқтата тұру / мерзімінен бұрын тоқтату туралы хабарлама немесе осындай тоқтата тұру / тоқтату туралы өзге де жария хабарлама жарияланған күнге дейін Акцияға қатысу үшін Акция ресурсында тіркелген Акцияның Күнделікті Сыйлықтарын ұтысқа салу ойынының Жеңімпаздарына тапсыруға міндетті.

3.8. Акцияны өткізуді тоқтата тұру немесе мерзімінен бұрын тоқтату Тапсырыс берушіні немесе оның тапсырмасы бойынша Операторды Акцияны өткізу тоқтатыла тұрғанға немесе мерзімінен бұрын тоқтатылғанға дейін Акцияға қатысу үшін Акция ресурсында тіркелген Акция Жеңімпаздарына Сыйлықтар тапсыру қажеттілігінен босатпайды.

3.9. Ұйымдастырушы Акцияны өткізуді аяқтауға, оның ішінде Сыйлықтар беруді жүзеге асыруға және Акция ресурсында тіркелу рәсімінен өткен Қатысушыларға қатысты өзге де қажетті іс-әрекеттер жасауға міндетті.

3.10. Тұлғаның Акцияға қатысуға өтінім беруі, атап айтқанда, кнклюденттік іс-қимылдар реттілігін орындауы Ұйымдастырушының Акцияға қатысуға офертасының акцепті болып табылады, және Акция ресурсында тіркелген тұлға осы Ережелерде (Акция ережелерінде) көзделген тәртіппен оның назарына жеткізілетін осы Ережелермен келісетінін білдіреді.

3.11. Акцияға Қатысушы Акция Тапсырыс берушісінен (Операторынан) Акция Ережелеріне сәйкес Акция туралы ақпарат алуды талап етуге құқылы.

3.12. Акцияға Қатысушының Акция Ұйымдастырушысынан/Тапсырыс берушісінен заттай нысандағы Сыйлықтың орнына Сыйлықтың ақшалай баламасын алуды талап етуге құқығы жоқ.

3.13. Акцияны өткізу мақсатында Ұйымдастырушыға (Операторға) Қатысушылар туралы ақпарат, оның ішінде тізбеге сәйкес Қатысушылардың дербес деректері қажет, қатысушылар нақты және өзекті (шынайы) деректерді көрсетуге міндеттенеді. Осы Ережелерде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Акция Ұйымдастырушысы (Операторы) Акция

Қатысушысынан алынған ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ. Қатысушылар өз еркімен берген кез келген ақпаратты, оның ішінде дербес деректерді Тапсырыс беруші, Ұйымдастырушы, оның уәкілетті өкілдері және/немесе жарнамалық агенттіктері Акция өткізуге байланысты емес мақсаттарда, оның ішінде Акция Тапсырыс берушісінің жарнамалық мақсаттарында, осы Ережелерде көзделген тәртіппен Қатысушылардың қосымша жазбаша келісімін алған шартпен пайдалануы мүмкін.

3.14. Осы Ережелерде көрсетілген Акция Сыйлықтары Акция Қатысушыларын оның өткізілуі туралы хабардар етуге арналған жарнамалық-ақпараттық материалдарда Ұйымдастырушы пайдаланатын осы Жұлделердің кез келген фотосуреттерінен не графикалық бейнелерінен өзгеше болуы мүмкін. Жұлделердің моделі, жиынтықталуы, түстері және басқа параметрлері мен сипаттамалары Акция Ұйымдастырушысының қалауы бойынша анықталады және Қатысушылардың үміттеріне сәйкес келмеуі мүмкін.

3.15. Қатысушылар келіскен жағдайда, олармен Акцияға қатысу туралы жарнамалық сұхбаттар өткізіледі, олар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жалпы көпшіліктің назарына жеткізілуі мүмкін. Сонымен қатар Қатысушыларды еркін келу үшін ашық жерлерде немесе Қатысушылардың бейнелері бар графикалық материалдарды дайындау үшін көпшілік іс-шараларда суретке түсіруге болады, олар Тапсырыс берушінің жарнамалық мақсаттары үшін Қатысушыларға ол үшін қандай да бір сыйақы төлемей пайдаланылуы мүмкін. Ережелердің осы тармағына сәйкес алынған Қатысушылардың бейнелері бар зияткерлік меншік объектілеріне барлық авторлық құқықтар Тапсырыс берушіге тиесілі болады. Тапсырыс беруші осы Ережелерде көрсетілген жағдайлардан басқа немесе Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының талаптары негізінде Қатысушылармен жазбаша келіссөздерге немесе өзге де байланыстарға кірмеу құқығын өзіне қалдырады.

3.16. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы Акция – бұл Сыйлықтарды ұту кездейсоқ таңдауға байланысты болатын ойын екенін, сәйкесінше барлық Қатысушылар Акцияның Күнделікті Сыйлықтарын ұтысқа салу ойынының жеңімпазы бола алмайтынын түсінеді.

4. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

4.1. Осы Ережелерге сәйкес Акцияға қатысу фактісі Қатысушының осы Ережелермен келісімін растайды, сондай-ақ Акцияны өткізу мақсатында қажетті кез келген тәсілдермен Акцияны өткізу үшін Акция Ұйымдастырушысының, Оператордың және Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушы/Оператор Акцияны өткізу үшін тартқын өзге де серіктестердің (бұдан әрі - «өзге серіктестер») Қатысушы Акция мақсаттары үшін және осы Ережеге сәйкес осы Ережелерде көзделген тәртіппен ұсынатын дербес деректерді өңдеуіне Қатысушының еркін, нақты, ақпараттандырылған және саналы келісімі болып табылады.

4.2. Акцияға қатысу туралы шешім қабылдай отырып, оның Қатысушысы осылайша, ол ерікті түрде ұсынған кез келген ақпаратты, оның ішінде Қатысушының дербес деректерін, сондай-ақ Қатысушы Акция ресурсы арқылы ұсынған кез келген өзге материалдардағы ақпаратты Ұйымдастырушы, оның уәкілетті өкілдері (Операторлар және өзге серіктестер) Ұйымдастырушының осы Ережелерге сәйкес міндеттемелерін орындауы мақсатында, және (немесе) жарнамалық агенттіктер жарнамалық мақсаттарда, Қатысушының қосымша келісімін алмай және ол үшін оған қандай да бір сыйақы төлемей өңдеуі мүмкін екендігімен келісімін растайды. Қатысушылар Акцияға қатысу үшін олар көрсеткен дербес деректерді Ұйымдастырушы (Операторлар, өзге серіктестер) Акцияны өткізу мақсатында барлық қажетті тәсілдермен өңдейтінін түсінеді және онымен келіседі және, бұл жоғарыда көзделгендей, осы Ережелерді қабылдаған кезде мұндай өңдеуге келісімін береді.

4.3. Осы Ережелердің мақсатында дербес деректер деп тікелей немесе жанама белгіленген, немесе белгіленетін жеке тұлғаға (дербес деректері субъектіне) қатысы бар кез келген ақпарат түсініледі.

4.4. Дербес деректерді өңдеу деп осы Ережелерде автоматтандыру құралдарын пайдаланып немесе мұндай дербес деректер бар құралдарды пайдаланбай жасалатын кез келген әрекет (операция) немесе әрекеттер (операциялар) жиынтығы түсініледі, оның ішінде Акцияны өткізу мақсатында Қатысушы ұсынған дербес деректерді жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), шығару, пайдалану, беру (тарату, ұсыну, қол жеткізу), иесіздендіру, оқшаулау, жою.

4.5. Дербес деректерді осы Ережелер мақсатында тарату деп тұлғалардың белгісіз тобына дербес деректерді ашуға бағытталған әрекеттер түсініледі, атап айтқанда Акция ресурсында, сондай-ақ өзге көздерде осы Ережелерде көрсетілген және (немесе) ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда Қатысушы Акция ресурсы арқылы Акция барысында ұсынған Қатысушының тегі, аты, электрондық поштасы, телефон нөмірі, тұратын қаласы, жасы туралы, олар тұратын қала немесе өзге елді мекен, сондай-ақ Қатысушының ұтысы (жұлдесі) туралы мәліметтерді ашық жариялау.

4.6. Дербес деректерді өңдеуді «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңында көзделген қағидаттар мен ережелерді сақтай отырып, Тапсырыс беруші, Акция Ұйымдастырушысы,

Операторлар және Акция Ұйымдастырушының тапсырмасы бойынша әрекет ететін өзге де әріптестер жүзеге асыратын болады.

4.7. Ұйымдастырушыға/Операторға қатысушы болып табылмайтын тұлғалардың дербес деректерін ұсынған кезде, мұндай деректерді ұсыну Акцияның мақсаттары үшін қажет болған кезде, Қатысушылар Ұйымдастырушымен/Оператормен қарым-қатынаста тиісті үшінші тұлғалардың – дербес деректер субъектілерінің – өкілдері ретінде әрекет етеді және осындай тұлғалардың Ұйымдастырушының/Оператордың олардың дербес деректерін өңдеуге келісуіне кепілдік береді. Қатысушылар дербес деректердің құпиялылығына үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзғаны үшін дербес жауапты болады.

4.8. Тапсырыс беруші, Ұйымдастырушы, Оператор және Ұйымдастырушының тапсырмасы бойынша әрекет ететін өзге де серіктестер дербес деректерді рұқсатсыз кіруден қорғаудың қажетті шараларына кепілдік береді. Акцияға қатысу мақсатында Қатысушылар хабарлаған барлық дербес деректерді Тапсырыс беруші, Ұйымдастырушы, Оператор және Ұйымдастырушының тапсырмасы бойынша әрекет ететін өзге де серіктестер ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес және осы Ережелерде көрсетілген кепілдіктерді сақтай отырып сақтайтын және өндейтін болады.

4.9. Тапсырыс беруші, Ұйымдастырушы, Оператор және Ұйымдастырушының тапсырмасы бойынша әрекет ететін басқа серіктестер келесі ережелерді сақтауға міндеттенеді және Қатысушыға дербес деректерді өңдеуге қатысты келесі кепілдіктерді береді:

- дербес деректерді қорғау саласындағы ҚР заңнамасының барлық қолданылатын талаптарын сақтай отырып, оның ішінде «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңында белгіленген дербес деректер операторының қағидаттарын, талаптарын, міндеттемелерін сақтай отырып, дербес деректерді өңдеуді қамтамасыз ету;

- Қатысушылардың дербес деректерін, оның ішінде «Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желісі арқылы жинауды жүзеге асыру және жүзеге асыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ ҚР аумағында орналасқан деректер қорын пайдалана отырып, Қатысушылардың дербес деректерін жазуды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), шығаруды қамтамасыз ету.

4.10. Осымен Қатысушылар жинау және өңдеу Акция мақсатында жүзеге асырылатын дербес деректердің орналасқан жері туралы хабардар етілген болып есептеледі.

- жеке деректерді тек Акция көлемінде және өткізу мақсатында, сондай-ақ жарнамалық мақсаттарда өңдеу. Дербес деректер субъектілерін кез-келген өнімдер мен қызметтер туралы, сондай-ақ кез-келген басқа мақсаттарда ақпараттандыру үшін дербес деректерді өңдеудің басқа түрлерін пайдалануға және өңдеуге «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңында көзделген көлемде және жағдайларда ғана жол беріледі;

- Ұйымдастырушы, Оператор Қатысушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындау мақсатында Қатысушылардың дербес деректерін үшінші тұлғаларға беруі немесе өзге түрде ашуы тиіс болған жағдайда, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының талаптарын сақтай отырып, көрсетілген әрекеттерді жүзеге асыру;

- ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Қатысушылардың дербес деректерін өңдеу кезінде олардың қауіпсіздігі мен құпиялылығын сақтау және қамтамасыз ету үшін жауапты болу.

4.11. Қатысушының осы Ережелерде көрсетілген дербес деректерді өңдеуге келісімі 2020 жылдың 04 қарашасына дейін жарамды.

4.12. Акцияға қатысу Қатысушының Тапсырыс берушіге, Ұйымдастырушыға, Операторларға және Ұйымдастырушының өзге де серіктестеріне Ұйымдастырушының/Оператордың және өзге де серіктестердің Акцияны өткізу мақсатында дербес деректерді кез келген тәсілмен өңдеуге және дербес деректердің құпиялылығын сақтауға және оларды өңдеу кезінде дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті Ұйымдастырушының/ Оператордың және өзге де серіктестердің осындай деректерді Акция мақсаттары үшін таратуына келісім беру фактісін растайды, сондай-ақ деректерді өңдеудің автоматтандырылған құралдарын қолдана отырып, дербес деректерді рұқсатсыз жария етуден қорғаудың қажетті шараларына кепілдік береді. Қатысушылар Акция мақсаттары үшін хабарлаған барлық дербес деректерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Ұйымдастырушы/ Оператор және өзге де серіктестер сақтайтын және өндейтін болады.

4.13. Қатысушы Акция операторына пошталық мекен-жайы бойынша тапсыру туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен тиісті хабарлама жіберу арқылы дербес деректерді өңдеуге келісімін қайтарып алуға құқылы.

4.14. Қатысушының дербес деректерді өңдеуге келісімін қайтарып алу туралы хабарламасын алғаннан кейін Оператор оларды өңдеуді тоқтатуға және Оператордың тапсырмасы бойынша әрекет ететін тұлғаның мұндай өңдеуді тоқтатуын қамтамасыз етуге және, дербес деректерді сақтау Акцияның

мақсаттары үшін ендігері талап етілмеген жағдайда, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңында немесе ҚР басқа заңдарында көзделген негіздерде, Ұйымдастырушы дербес деректер субъектісінің келісімінсіз дербес деректерді өңдеуді жүзеге асыруға құқылы болған жағдайларды қоспағанда, көрсетілген қайтарып алу түскен күннен бастап 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде дербес деректерді жоюға немесе оларды жоюды қамтамасыз етуге міндетті (егер дербес деректерді өңдеуді Акция Ұйымдастырушысының тапсырмасы бойынша әрекет ететін басқа тұлға жүзеге асырса).

5. АКЦИЯҒА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ

5.1. Акция Қатысушысы болу үшін, Акцияны өткізу кезеңінде келесі әрекеттерді орындау қажет:

- Акция Мерзімінде Акцияға қатысатын Тауарды сатып алу,
- Акцияға қатысатын Тауарды сатып алғанын растайтын Чекті Тауар сатып алынған Тұлғадан алу және алынған Чекті суретке түсіру;
- Акцияға қатысатын Тауарды сатып алғанын растайтын Чектің суретін Акция ресурсына жүктеу.

5.1.1 Акцияға Қатысушының Чекті Акция ресурсында тіркеуі мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- @nestlebaby_kz_bot мекенжайы бойынша чат-ботқа кіру;
- Акция шарттарын қабылдау;
- «Файлды таңдау» батырмасын басу арқылы чектің суретін тіркеу;
- «Жіберу» батырмасын басу;
- Жауап күту.

5.1.2. Қатысушының осы Ережелердің 6.1.1.-тармағында көрсетілген тәртіппен Акцияға қатысу үшін Акцияның Интернет-ресурсында тіркелген кезде өзекті емес (анық емес) және (немесе) дәл емес (дұрыс емес) деректерді ұсынуы, сол сияқты кейінен ұсынбау, немесе өзекті емес (дұрыс емес) және (немесе) дәл емес (түзу емес) деректерді ұсыну осындай Қатысушының Акцияға қатысудан шығуына әкеп соғады және Тапсырыс берушіні, Акция Ұйымдастырушысын осындай Қатысушыға Акцияның тиісті Сыйлығын беру жөніндегі міндетінен босатады.

6. АКЦИЯНЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

6.1. Акцияның жүлде қоры Акция Ұйымдастырушысының өз қаражаты есебінен құрылады және Қатысушыларға Акция Сыйлықтар беру үшін ғана пайдаланылады.

6.2 Акция Сыйлықтары:

Акцияның Күнделікті Сыйлықтары 20 000 (Жиырма мың) теңге сомасына Электрондық сертификаттар болып табылады.

Акцияның Күнделікті Сыйлықтарының жалпы саны 61 (алпыс бір) дана құрайды.

7. АКЦИЯНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ СЫЙЛЫҚТАРЫН ҰТЫСҚА САЛУ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ.

7.1. Егер Акцияға Қатысушы Акцияны өткізілетін бір күнде бірнеше Чекті тіркесе, онда Акцияның Күнделікті Сыйлықтарын ұтысқа салу ойынына ол тіркелген барлық Чектер қатысады.

- 2020 жылғы 01 қыркүйектен сағат 00:01-ден бастап 2020 жылғы 01 қыркүйекке сағат 23:59-ға дейінгі кезеңде тіркелген чектер 2020 жылғы 03 қыркүйекте өтетін Акцияның Күнделікті Сыйлықтарын Ұтысқа салу ойынына қатысады

- 2020 жылғы 02 қыркүйектен сағат 00:01-ден бастап 2020 жылғы 02 қыркүйекке сағат 23:59-ға дейінгі кезеңде тіркелген чектер 2020 жылғы 04 қыркүйекте өтетін Акцияның Күнделікті Сыйлықтарын Ұтысқа салу ойынына қатысады

- 2020 жылғы 03 қыркүйектен сағат 00:01-ден бастап 2020 жылғы 03 қыркүйекке сағат 23:59-ға дейінгі кезеңде тіркелген чектер 2020 жылғы 05 қыркүйекте өтетін Акцияның Күнделікті Сыйлықтарын Ұтысқа салу ойынына қатысады

- 2020 жылғы 04 қыркүйектен сағат 00:01-ден бастап 2020 жылғы 04 қыркүйекке сағат 23:59-ға дейінгі кезеңде тіркелген чектер 2020 жылғы 06 қыркүйекте өтетін Акцияның Күнделікті Сыйлықтарын Ұтысқа салу ойынына қатысады

- 2020 жылғы 29 қазаннан сағат 00:01-ден бастап 2020 жылғы 29 қазанға сағат 23:59-ға дейінгі кезеңде тіркелген чектер 2020 жылғы 01 қарашада өтетін Акцияның Күнделікті Сыйлықтарын Ұтысқа салу ойынына қатысады
- 2020 жылғы 30 қазаннан сағат 00:01-ден бастап 2020 жылғы 30 қазанға сағат 23:59-ға дейінгі кезеңде тіркелген чектер 2020 жылғы 02 қарашада өтетін Акцияның Күнделікті Сыйлықтарын Ұтысқа салу ойынына қатысады
- 2020 жылғы 31 қазаннан сағат 00:01-ден бастап 2020 жылғы 31 қазанға сағат 23:59-ға дейінгі кезеңде тіркелген чектер 2020 жылғы 04 қарашада өтетін Акцияның Күнделікті Сыйлықтарын Ұтысқа салу ойынына қатысады

7.2. Акцияның Күнделікті Сыйлықтарын Ұтысқа салу ойынының жеңімпаздары мынадай тәртіппен анықталады: random.org домендік атында орналасқан Интернет-ресурстың көмегімен осы Ережелердің 1.4.2. тармағында белгіленген күндері жүзеге асырылады. Күн сайын Акция шеңберінде 1 (бір) ұтыс ойыны өткізілетін болады, нәтижесінде осы Ережелердің 2.6.-тармағына сай модерациядан өткеннен кейін Қатысушыларға берілетін 1 (бір) ұтқан нөмір анықталатын болады. Акция өткізілетін жалпы мерзім ішінде барлығы Акция Күнделікті Сыйлықтары берілетін 61 (алпыс бір) ұтыс ойыны өткізілетін болады.

Ұтыс Ойынын Өткізу

7.2.1. Ұтыс ойынын өткізу күні Акция Операторы Акция Қатысушыларына чекті жүктеу сәтінде кезектілік бойынша берілген жеке нөмірлері бар Қатысушылардың тізімін жасайды.

7.2.2. Акция Операторы random.org домендік атында орналасқан Интернет-ресурста сан туралы ақпаратты, атап айтқанда 1 (бір) нөмірді көрсетеді.

7.2.3. Акци операторы 1 (бір) Қатысушыдан Қатысушылардың нақты санын дейін Қатысушылар санын енгізеді.

7.2.4. Акция операторы «Get sets» басады,

7.2.5. Содан кейін random.org домендік атында орналасқан Интернет-ресурста берілген сандар диапазонынан 1 (бір) нөмірден тұратын тізімді береді.

7.2.6. Random.org домендік атында орналасқан Интернет-ресурс орындаған әрекеттер жиынтығы нәтижесінде берілген сандар Акцияның Күнделікті Сыйлықтарын ұтысқа салу ойынында ұтқан болып танылады, ал осы сандар берілген Қатысушылар Акцияның Күнделікті Сыйлықтарын ұтысқа салу ойынының Жеңімпаздары болып танылады және сыйлық алу құқығына ие болады.

7.2.7. Сыйлықтарды ұтысқа салу ойынының нәтижелерін, атап айтқанда Жеңімпаздарға тапсырылуға жататын Сыйлықтардың атауы көрсетілген Жеңімпаздардың нөмірлері тізімі мен деректерін Оператор осы Ережелердің 1.4.2 тармағында белгіленген күндері Акция ресурсында жариялайтын болады.

7.3 Сертификат ұйымдастырушыларға байланысты емес себептер бойынша күнделікті ұтыс ойынына ойнатылмаған жағдайда, осы сертификат келесі күндегі ұтыс ойынына қатысады

8. АКЦИЯНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ СЫЙЛЫҚТАРЫН ҰТЫСҚА САЛУ ОЙЫНЫ ЖЕҢІМПАЗДАРЫМЕН БАЙЛАНЫС ОРНАТУ

8.1. Күнделікті Сыйлықтарды ұтысқа салу ойынының Жеңімпазымен байланыс орнату және оған ұтыс туралы хабарлау үшін келесі әрекеттер жүргізіледі:

– Акцияның тиісті қатысушысы тіркелген кезде көрсеткен телефон нөміріне Сыйлықтың түрі көрсетілген ұтыс ойынының нәтижесі туралы хабарлама жіберіледі,

– ресурста ұтыс туралы хабарлама жіберіледі.

8.2. Егер Акция Жеңімпазы деп танылған Қатысушы хабардар етілген күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күні ішінде Акцияның Күнделікті Сыйлықтарын алу үшін қажетті ақпаратты/құжаттарды ұсынбаса, немесе Акцияға қатысу шарттарын орындамаған деп танылған болса, Тапсырыс беруші, Ұйымдастырушы қайтадан ұтыс ойынын өткізуге және жаңа реттік нөмірін таңдауға құқылы, ал осы реттік нөмірі тіркелген Акция Қатысушысы Акция Жеңімпазы деп танылатын болады. Акция Жеңімпаздары Акцияның Күнделікті Сыйлықтарын алу үшін қажетті ақпаратты/құжаттарды ұсынбаған немесе Акцияға қатысу шарттарын орындамаған деп танылған жағдайда, рәсім 3 (үш) ретке дейін қайталанатын болады.

8.3. Тапсырыс беруші (Оператор) мұндай нәтижелерді жарияланғаннан кейін Жеңімпаздар деп жарияланған тұлғалар Акция барысында жіберген Акцияға қатысу тәртібі мен ережелерін бұзғандарын анықтаған жағдайларды қоспағанда, Акцияның Күнделікті Жүлдесін ұтысқа салу ойынының нәтижелері түпкілікті және қайта қаралуға жатпайтын болып табылады. Тапсырыс беруші (Оператор) Жеңімпаздар жіберген Акцияға қатысу тәртібі мен ережелерін бұзғандарын анықтаған кезде, Тапсырыс беруші (Оператор) тиісті Қатысушыға Акцияның Күнделікті Жүлдесін беруден бас тартуға және қайта өткізілген ұтыс ойыны нәтижесінде анықталған Қатысушыны Жеңімпаз деп жариялауға құқылы.

9. АКЦИЯ СЫЙЛЫҚТАРЫН БЕРУ ШАРТТАРЫ, ТӘРТІБІ, ОРНЫ ЖӘНЕ МЕРЗІМІ

9.1. Барлық Акция Жеңімпаздарына Акцияның тиісті Сыйлығын алу үшін:

9.1.1. Акция Операторына Жеңімпаздың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін (түрі, сериясы, нөмірі, берілген күні, берген органның атауы) беру;

9.1.2. Акция ресурсында тіркелу кезінде ұсынылғанға ұқсас дербес деректерді өңдеуге жазбаша келісімді беру қажет. Жеңімпаздың жүлдені алғанын растайтын Құжатты және/немесе дербес деректерді өңдеуге келісімді толтырудан және/немесе қол қоюдан бас тартуы Жеңімпаздың Сыйлықтан бас тартуын білдіреді;

9.1.3. осындай жүлдені алғанын растайтын Оператор ұсынатын құжатты (бұдан әрі – «Сыйлықты қабылдау-тапсыру актісі») толтыру және қол қою қажет;

9.2. Акцияның Күнделікті Сыйлығын алу үшін Акция Жеңімпазына:

- Жеңімпазға сыйлықты алып кету ыңғайлы болатындай жауап беру қажет.

Акция Операторының немесе уәкілетті тұлғаның Акция Жеңімпазына Акцияның Күнделікті Сыйлығын беру фактісі Сыйлықты қабылдау-беру актісіне қол қою арқылы расталады.

9.3. Ережелерде көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды ұсынбау немесе ұсынудан бас тарту, сол сияқты дербес деректерді өңдеуге келісім беруден бас тарту, сол сияқты толық емес / дұрыс емес ақпаратты көрсету, және/немесе Акция Сыйлығын алу үшін қажетті барлық ақпарат ұсынылмаған немесе уақтылы ұсынылмаған жағдайда Жеңімпаздың Акцияның Күнделікті Сыйлығынан бас тартуын білдіреді.

9.4. Акция Сыйлықтары Акция Жеңімпазына Ережелерде көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды Акция Операторының тиісті өкілі ұсынған күннен бастап бір мезгілде тапсырылады.

9.5. Егер ұтыс ойыны (оны Жеңімпаз деп жариялау) сәтінен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жеңімпазбен байланыса алмаған жағдайда немесе егер Жеңімпаз Акция Ережелері регламенттеген мәліметтерді және/немесе Акция Операторы Жеңімпазды телефон арқылы хабардар еткен күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Акцияның Күнделікті Жұлдесін алу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда, мұндай әрекет Жеңімпаздың Акцияға қатысудан және/немесе тиісті Сыйлықтан бас тартуына теңестіріледі. Осындай жағдайда осы аптада осы сыйлыққа дауыс бергендер арасында қайта ұтыс ойыны жүргізіледі.

9.6. Акцияға Қатысушы Тапсырыс берушіде және/немесе Операторда шығындардың туындауына әкеп соққан Ережелерде көрсетілген міндеттердің бұзылуы жағдайында, Акцияға Қатысушы мұндай шығындарды толық көлемде өтеуге міндетті.

9.7. Тапсырыс беруші, Ұйымдастырушы Қатысушының қате деп танылған іс-әрекеттерінің/әрекетсіздігінің, оның шеккен шығындарын қоса алғанда (өзгелерден басқа) қандай да бір салдары үшін жауап бермейді.

9.8. Тапсырыс беруші, сондай-ақ Ұйымдастырушы Акцияны ұйымдастыруға және өткізуге уәкілеттік берген тұлғалар жауапты болмайды:

- Қатысушының телефоны қосылған байланыс операторы немесе интернет-провайдер немесе ұялы оператор желісінің техникалық іркілістері үшін;
- Қатысушының телефоны қосылған ұялы немесе интернет байланыс операторының әрекеті/әрекетсіздігі үшін.

Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушы/Оператор Жеңімпаздан Ережелерде көзделген тәртіппен Акция ресурсында өзі тіркеген чек фотосуреттерінің түпнұсқаларын және көшірмелерін беруді (оның ішінде пошта, электрондық байланыс арналары арқылы) талап етуге құқылы. Жеңімпаздың көрсетілген қаптамаларды беруден бас тартуын Ұйымдастырушы Акцияға қатысудан және Акцияның Күнделікті Сыйлығынан бас тарту ретінде қарайды.

10. САЛЫҚТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

10.1. «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес төлем көзінен салық салынатын кірістерге Сыйлықтар жатады. Табыстың осы түрі бойынша (ұтыс) ЖТС есептеуді және ұстауды салық агенті – Акция Операторы және Акция Жеңімпазы жүргізеді.

10.2. Қатысушылар Акцияның Күнделікті Сыйлықтары түрінде табыс алады, Салық агенті олар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті салықты (жеке табыс салығын) төлейді.

11. АКЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШАРТТАРЫ БОЙЫНША АҚПАРАТ

11.1. Қатысушылар Акция өткізудің толық шарттарын Telegram мессенджерінде @nestlebaby_kz_bot мекенжайында жалпы қолжетімдікте орналастыру арқылы оны өткізу шарттары мен мерзімдері туралы хабардар етіледі

11.2. Акцияның қысқаша шарттарын білуге болады:

- жедел желі телефоны арқылы +7 771 758 01 19 қазақ және орыс тілдерінде дүйсенбіден жұмаға дейін жұмыс күндері сағат 12:00-ден 18:00-ге дейін
- сайттан: www.nestlebaby.kz/nestogen3promo

11.3. Акцияны өткізу мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Оператор бұл туралы ақпаратты Акция ресурсына орналастыратын болады.

11.4. Акция Ережелері өзгерген, сондай-ақ ол тоқтатыла тұрған немесе күші жойылған жағдайда Оператор бұл туралы Қатысушыларға тиісті хабарландыруды Акция ресурсына орналастыру арқылы хабарлайды.

12. ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАС ТАРТУ

Акцияның Ережелері өзгерген, сондай-ақ оны тоқтата тұрған немесе күшін жойған жағдайда, Акция Операторы/Ұйымдастырушысы/Тапсырыс берушісі беруі өзгеше түрде жобалануы мүмкін қандай да бір растамалар мен кепілдіктерден бас тартады, және Акцияға, Жұлделерге және оларды пайдалануға қатысты жауапкершіліктен бас тартады. Ешбір жағдайларда Акция Ұйымдастырушысы осы Акция шеңберіндегі, Акция чат-ботындағы ақпаратты кез келген пайдалану, Акцияны Ұйымдастырушының іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі, тәуелділіктің пайда болуы, өнімділіктің төмендеуі, жұмыстан босату немесе еңбек белсенділігінің үзілуі нәтижесінде қандай да бір тікелей, тікелей емес, ерекше немесе өзге де жанама залал үшін, сондай-ақ кез келген жоғалған пайда, шаруашылық қызметті тоқтата тұру үшін, тіпті егер Акцияны Ұйымдастырушы осындай залалдың мүмкіндігі туралы анық хабардар етілетін болса да, ешбір тараптың алдында жауапкершілік көтермейтін болады.